

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

29 қараша 2016жыл

Қазақстан қор биржасы ҰКП және Даму қорымен бірлесіп, "Қор нарығы: кәсіпкерлік үшін жаңа көкжиектер" тақырыбына оқыту семинарын өткізді

2016 жылдың 29 қарашасында Алматыда "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және "Даму" Кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ бірлесіп, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) ұйымдастырған, "Қор нарығы: кәсіпкерлік үшін жаңа көкжиектер" тақырыбына семинар болып өтті.

Семинардың бірінші секциясы шегінде спикерлер тыңдаушыларға қор нарығының инфрақұрылымы және оның негізгі элементтері туралы ақпарат ұсынды. Екінші секция, компанияларға отандық қор нарығында қаржыландыру тарта алатын, қаржы құралдарына арналды. Консалтингтік компаниялардың өкілдері қор нарығына шығудың және биржадағы листингтің негізгі кезеңдері туралы ақпараттарды ұсынды. Үшінші секцияда спикерлер бағалы қағаздардың KASE ресми тізіміне енгізу және олардың осында болу шарттары және көпшілік компаниясы мәртебесінің артықшылықтары мен, биржаға шығумен байланысты, жаңа міндеттер туралы айта кетті.

"Бүгінгі іс-шараның негізгі мақсаты – қазақстандық компаниялардың өкілдеріне қор нарығында қаржы тартудың қолжетімді құралдары мен мүмкіндіктері туралы толық ақпарат бері. Осындай семинарлармен 2016 жылға белгіленген бизнес-қауымдастықтың өкілдерін қор нарығы туралы кеңес беру кездесулерді өткізу бағдарламасын аяқтаймыз. Ағымдағы жылдың соңына дейін тағы бір оқыту семинары жоспарланған, ол Астанада өтеді. 2016 жыл барысында Қазақстанның барлық облыстарында іс-шаралар өткізіп, келесі жылы қазақстандық компаниялардың меншік иелері мен менеджменті үшін оқыту кездесулері мен семинарларын өткізу практикасын әрі қарай жалғастырамыз",- деді өз сөзінде KASE Басқармасы Төрайымының орынбасары Н.Ю. Хорошевская.

Семинар шегінде IFC Kazakhstan (Дүниежүзі Банкінің тобына кіретін, Халықаралық қаржылық корпорация), "Фридом Финанс" АҚ, "SkyBridge Invest" АҚ, "Сентрас Секьюритиз" АҚ, "Астана-Инвест" Инвестициялық Үйі" АҚ, "ПрайсуотерхаусКуперс" ЖШС, "UNICASE" Заңгерлік компаниясы" ЖШС, "AEQUITAS" Заңгерлік компаниясы" ЖШС сияқты, 10 компанияның өкілдері 14 лекция оқыды.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz